

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
КЕАҚ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университетінің»  
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы  
педагогикалық институты



BAHTURSYNULY  
UNIVERSITY

«ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ  
ДӘСТҮРЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР»  
**АТТЫ СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ**  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

**СУЛТАНГАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ**  
«ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ  
В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ»  
МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ –  
ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

г. Костанай, 20.11.2025 г.

УДК 37.0  
ББК 74.00  
3 - 21

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиевна** Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, Басқарма мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент); **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; **Сильвия Адамцова**, уманитарлық ғылымдар магистрі, философия докторы (PhD), Экономикалық университеті Братиславада, Словакия; **Сухов Михаил Васильевич**, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ОМУ) доценті, Челябині, Ресей; **Радченко Татьяна Александровна**, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі; **Алимбаев Алибек Алпысбаевич**, PhD докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының профессор ассистенті; **Телегина Оксана Станиславовна**, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы; **Шумейко Татьяна Степановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының.

3- 21

«Заманауи білім берудегі дәстүрлер мен инновациялар»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2025» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2025 жылдың 20 қараша. Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025. – 1322 б.

«Традиции и инновации в современном образовании»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2025», 20 ноября 2025 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025 – 1322 с.

**ISBN 978-601-356-621-4**

«Сұлтанғазин оқулары–2025» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағында білім берудің заманауи даму бағыттары, цифрлық трансформация жағдайындағы педагогикалық үдерістер және білім беру мазмұнын жаңғырту мәселелері қарастырылады. Отандық және шетелдік авторлардың мақалаларында педагогикалық және жаратылыстану-ғылыми білім беру, құзыреттілікке негізделген оқыту, интерактивті және инновациялық педагогикалық технологиялар, сондай-ақ білім алушылардың кәсіби, мета- және цифрлық құзыреттерін қалыптастыру мәселелері талданады. Жинақта жоғары білім беру жүйесінде жасанды интеллект пен цифрлық құралдарды қолдану, болашақ педагогтар мен ХХІ ғасыр мамандарын даярлаудың практикалық бағдарлы модельдері ерекше назарға алынады. Жинақ ғалымдарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, докторанттарға, магистранттар мен студенттерге, сондай-ақ заманауи білім беру мәселелеріне қызығушылық танытатын мамандарға арналған.

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения–2025» отражает современные научные подходы к развитию образования в условиях цифровой трансформации и глобальных изменений. В статьях отечественных и зарубежных авторов рассматриваются проблемы и перспективы педагогического и естественно-научного образования, компетентностно-ориентированного обучения, интерактивных и инновационных педагогических технологий, а также формирования профессиональных, мета- и цифровых компетенций обучающихся. Особое внимание уделяется роли высшего образования в подготовке педагогов и специалистов XXI века, вопросам внедрения искусственного интеллекта, цифровых инструментов и практико-ориентированных моделей обучения. Сборник предназначен для учёных, преподавателей высших учебных заведений, докторантов, магистрантов и студентов, а также специалистов, интересующихся актуальными направлениями развития современного образования.

**ISBN 978-601-356-621-4**



УДК 37.0  
ББК 74.00

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025  
© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбдірахманов, С. «Физика және жаратылыстану пәндерін интеграциялау». Алматы, 2019. Жұмаділова, А. «Жаратылыстану пәндерінде зерттеу әдістері». Нұр-Сұлтан, 2020.
2. Иванов, П. «Методы интеграции естественных наук». Москва, 2018.
3. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. *Орта білім мазмұнының тұжырымдамалық негіздері*. – Астана: ҰБА, 2022. – 200 б.
4. Kozhabekova, E., Zhumasheva, A., & Sautbekova, Z. (2025). *Pre-Service Physics Teachers' Perceptions of Interdisciplinary Teaching: Confidence, Challenges, and Institutional Influences*. – *Education Sciences*.

ӘОЖ 53.072.2:004.8

## ФИЗИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТКЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ КОМИКСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Құдайберген Ботакөз Баймұратқызы**  
7M01504 – «Физика» білім беру  
бағдарламасының магистранты  
Абай атындағы ҚазҰПУ,  
Алматы, Қазақстан

**Рыстыгулова Венера Ботабаевна**  
Ф.-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ,  
Астана, Қазақстан

**Төлегенова Ақбота Берікбайқызы**  
жаратылыстану ғылымдарының магистрі, сеньор-лектор  
Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ,  
Астана, Қазақстан

**Кужуханова Жадра Асаутаевна**  
педагогика ғылымдарының магистрі, сеньор-лектор  
Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ,  
Астана, Қазақстан

**Саттыкова Бану Ержанқызы**  
техника ғылымдарының магистрі, ассистент оқытушысы  
Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ,  
Астана, Қазақстан

### Аңдатпа

Бұл мақала физиканы оқытудағы «Электр тогы мен магнит өрісі» сияқты күрделі ұғымдарды оқытудың өзекті мәселесін қарастырады. Зерттеу жасанды интеллект негізінде әзірленген білім беру комикстерін қолданудың тиімділігін бағалауға бағытталған. Тәжірибе нәтижелері бұл әдістің оқушылардың ұғымдық түсінігін айтарлықтай жақсартқанын көрсетеді. Жұмыста мұғалімдерге арналған инновациялық әдістемелік құрал ретінде комикстерді енгізу ұсынылады. Зерттеу ЖИ-негізделген визуалды құралдардың білім берудегі болашағын растайды.

**Түйінді сөздер:** электр тогы, магнит өрісі, ұғымдық шатасу, жасанды интеллект, визуалды құрал

### **Аннотация**

Данная статья рассматривает актуальную проблему преподавания сложных понятий физики, таких как «Электрический ток и магнитное поле». Исследование направлено на оценку эффективности использования образовательных комиксов, разработанных на основе искусственного интеллекта. Результаты эксперимента показывают, что данный метод значительно улучшает концептуальное понимание учащихся. В работе предлагается внедрить комиксы в качестве инновационного методического инструмента для учителей. Исследование подтверждает перспективность визуальных инструментов на основе ИИ в образовании.

**Ключевые слова:** электрический ток, магнитное поле, концептуальные заблуждения, искусственный интеллект, визуальный инструмент.

### **Abstract**

*This article addresses the relevant issue of teaching complex physics concepts like «Electric Current and Magnetic Field». The research aims to evaluate the effectiveness of using educational comics developed with artificial intelligence. The experimental results demonstrate that this method significantly enhances students' conceptual understanding. The study proposes the introduction of comics as an innovative methodological tool for teachers. The research confirms the promise of AI-based visual tools in education.*

**Keywords:** electric current, magnetic field, conceptual confusion, artificial intelligence, visual tool.

Қазіргі заманғы білім беру контекстінде физика пәніндегі «Электр тогы мен магнит өрісі» ұғымдарын қалыптастыру ғана емес, сондай-ақ технологиялық орта мен цифрландыру талаптарына сай оқыту маңызды. Сонымен бірге, елімізде жасанды интеллект саласы үшін құқықтық негіздер де қалыптасуда: мысалы, «Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жж. тұжырымдамасы» қабылданған [1]. Сондай-ақ, «Жасанды интеллект туралы заң» жобасы қаралуда, ондағы деректерді қорғау, алгоритмдердің әділдігі және білім беру саласына ЖИ енгізу мәселелері қозғалған [2].

Электр және магнит өрістері ұғымдары – физиканың маңызды әрі күрделі салаларының бірі. Бұл тақырып бойынша білім мен түсінік қалыптастыру мектеп пен жоғары оқу орындарында өзекті болып қала береді. Себебі, аталған ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, оларды ажырату кезінде оқушылар мен мұғалімдер арасында шатасулар жиі байқалады. Осындай түсінбеушіліктердің себебі – көбінесе ұғымдар арасындағы шекараны анықтаудағы қиындықтар мен оқыту әдістемесіндегі кемшіліктерден. Тақырыптың күрделілігі оқытудың нәтижесіне тікелей әсер етеді. Мұғалімдер мен оқушылар бұл ұғымдарды ажыратуда қате түсінік қалыптастырса, электрлік және магниттік құбылыстарды түсіндіруде бірқатар қате пайымдаулар туындайды. Мұндай шатасулар оқу мазмұнының біртектес берілуінен, көрнекі құралдардың жеткіліксіздігінен немесе тәжірибелік сабақтардың аздығынан пайда болуы мүмкін. Соның

салдарынан оқушыда нақты ғылыми ұғымның орнына жалпылама немесе бұрмаланған түсінік қалыптасады, бұл кейінгі білім деңгейіне де кері әсер етеді. Мақаланың мақсаты – осы екі ұғымды оқытуда жасанды интеллект пен заманауи визуалды құралдарды қолдану.

Көптеген зерттеулер де мұғалімдердің осы ұғымдарға қатысты түсініктерінде де шатасулар кездесетінін көрсетеді. Анс Хеккенберг зерттеуінде Оңтүстік Африкадағы 36 физика мұғалімінің электрлік және магниттік өрістерге қатысты түсініктері жан-жақты талданған. Автор мұғалімдердің кейбірі екі өрістің ерекшеліктерін ажырата алмай, бір ұғымның ерекшеліктерін қате түрде екінші ұғымға жатқызатынын анықтаған. Мысалы, кейбір мұғалімдер солтүстік магнит полюсін оң зарядтардың артық жиналған нүктесі ретінде қабылдап, оны электр өрісімен шатастырған [3]. Демек, ұғымдық шатасудың себебі, мұғалімдердің теориялық дайындығының жеткіліксіздігі мен оқу әдістемесінің әлсіздігінен туындайды. Осыған байланысты, Хеккенбергтің еңбегі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мен физиканы оқыту әдістемесін жетілдіру қажеттілігін айқын көрсетті. Келесі Гернандес, Кампос, Барниоль және Завала зерттеулерінде студенттердің электрлік ағын (electric flux) пен магниттік айналым (magnetic circulation) ұғымдарын түсіну ерекшеліктерін және оларды суперпозиция принципі тұрғысынан қолдануда кездесетін қиындықтарды зерттеген. Зерттеу Мексикадағы техникалық университеттің 322 инженерия студенті арасында жүргізіліп, Гаусс және Ампер заңдарына негізделген төрт жұп параллель тапсырма арқылы олардың ұғымдық түсініктері талданған. Нәтижесінде студенттердің едәуір бөлігі электр өрісі мен электр ағынын, сондай-ақ магнит өрісі мен магнит айналымын шатастыратыны анықталған. Зерттеу нәтижесінде электр тақырыптары магнетизмге қарағанда студенттерге сәл жеңілірек болғанымен, екі салада да айтарлықтай қиындықтар бар екені байқалды [4].

Шетелдік ғалымдардың Амали Л. М. К., Нтобуо Н. Е., Улоли Р., Мохамад Й., Юнус М. (2023) зерттеулерінде бастауыш сыныптардағы ғылымды оқыту процесінде қолдануға арналған магниттік цифрлық комикстердің дамытылғаны және оның оқу нәтижелерін жақсартудағы валидтілігі, практикалықтығы және тиімділігі жан-жақты дәлелденген. Валидтілік дегеніміз – әзірленген өнімнің (бұл жағдайда магниттік цифрлық комикстің) мақсатына сай және теориялық негізделген екенін бағалау. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әзірленген оқу құралы сарапшылар тарапынан «Өте қолайлы» деп танылып, жоғары валидтілікке ие болған. Практикалықтық көрсеткіші өте жоғары: шектеулі және кеңейтілген сынақтарда оқушылардың 90%-дан астамы (90% және 93.75%) комикстерді қолдануға «Қатты келісемін» деп жауап берген. Сонымен қатар, оқуды іске асыру пайызы (96.15%-ға дейін) оқу синтаксисінің тиімді жұмыс істегенін растайды. Ең бастысы,

комикстерді пайдалану оқушылардың белсенділігін «Жақсы» критерийінде (шамамен 82%) және олардың когнитивті, аффективті, психомоторлық оқу нәтижелерін «Өте жақсы» критерийінде қамтамасыз етіп, комикстердің оқу процесіндегі тиімділігін айғақтаған. Демек, бұл цифрлық комикстер бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қызығушылығын арттырып, оқу нәтижелерін жақсарту үшін толыққанды қолдануға болады [5].

Материалдар мен әдістер

Визуалды-коммуникативтік құралдарды әзірлеу барысында жасанды интеллект (ЖИ) құралдары белсенді түрде қолданылды. Комиксті жасау процесі бірнеше кезеңнен тұрды:

1. Сценарийді әзірлеу: Ең алдымен, тақырыпқа сәйкес келетін әрі оқушыларға тартымды болатын комикс идеясы мен сюжеттік сценарийі Gemini сияқты ЖИ ассистенттерінен сұралды. Бұл ЖИ құралы «Электр тогы мен магнит өрісінің» күрделі байланысын персонификациялауға негізделген бірегей оқиға идеясын ұсынуға көмектесті.

2. Визуалды генерация: Осы дайын сюжет негізінде, қажетті кадрларды сипаттайтын промпттар (бұйрықтар) жасалды. Бұл промпттар өз кезегінде Copilot сияқты ЖИ-генераторларға жүктеліп, комикске арналған жоғары сапалы, тартымды және түсінікті иллюстрациялар генерацияланды.


3. Дизайн және құрастыру: Генерацияланған суреттер мен комикс мәтіндерінің макеті Canva онлайн-платформасына орналастырылды. Бұл кезеңде әр кадрға қазақ тіліндегі диалогтар енгізіліп, барлық элементтер бір стильге келтіріліп, дайын кітапша (шағын комикс) түрінде жинақталды.

Визуалды-коммуникативтік құралдарды қолданып оқыту оқушылардың «электр тогы мен магнит өрісі» ұғымдарын терең әрі көрнекі түсінуін қамтамасыз етеді. Өйткені зерттеулер көрсеткендей – ұғымдық шатасулар көбіне визуалды түсініктің жоқтығынан, немесе ұғымдарды абстракт ретінде ғана ұғынудан туындайды. Сондықтан комикс форматында инструмент құрастыру арқылы оқушыға:

- ұғымдар арасындағы айырмашылықты,
- электр және магнит өрістерінің қызметін,
- оқытуда жиі кездесетін қателерді көрсетуге болады.

«Электр тогы мен магнит өрісі» ұғымын түсіндіруге арналған «Ток пен Өріс: Құпиялы Одақ» атты комикс әзірленді. Бұл әдістеменің мақсаты – абстрактілі физикалық ұғымдарды персонификациялау (Ток және Өріс атты кейіпкерлер арқылы) және олардың арасындағы байланысты қызықты сюжетпен көрсету. Комикс барысында ток қозғалысының магнит өрісін тудыратыны көрнекі түрде баяндалады. Ең бастысы, соңында қойылған ашық сұрақ («*Магнит өрісі токты тудыра ала ма?*») оқушыны белсенді ойлауға ынталандырады. Бұл тәсіл күрделі ғылыми концепцияларды оқушылар үшін әлдеқайда

түсінікті және есте қаларлық етеді. 1-суретте «Ток пен Өріс: Құпиялы Одақ» білім беру комиксінің мазмұны келтірілген.



Сурет 1 «Ток пен Өріс: Құпиялы Одақ» білім беру комиксінің мазмұны

«Электр тогы мен магнит өрісінің» күрделі байланысын түсіндіретін негізгі комикспен қатар, электр тогының пайда болуының іргелі шартын көрсететін қосымша визуалды материал әзірленді. Бұл шағын комиксте Шам мен Розетка (аша) кейіпкерлері арқылы тұйықталған электр тізбегінің маңызы қарапайым диалогпен көрсетіледі. Сюжет Шамның «Сенсіз мен кімін?» деген философиялық сұрағы арқылы өрбиді. Бұл тәсіл электр тогының жұмыс істеуі үшін ток көзі мен тұтынушының міндетті түрде байланыста болуы керектігі туралы техникалық тұжырымды екі серіктестің бірігуі туралы есте қаларлық оқиғаға айналдырады. Бұл әдістеменің ерекшелігі – оның қарапайымдылығы мен эмоционалдығында, бұл оны электр тогы ұғымымен енді танысып жатқан бастауыш аудитория үшін өте тиімді етеді және күрделі тақырыптарды оқып-үйренуге негіз қалайды. 2-суретте «Шам мен Розетка (аша)» білім беру комиксінің мазмұны келтірілген.



Сурет 2 «Шам мен Розетка (аша)» білім беру комиксінің мазмұны

Бұл құралды жүзеге асыруда заманауи технологиялық шешімдер қолданылды: комикстің визуалды кадрлары мен иллюстрациялары Gemini, Copilot сияқты жасанды интеллект құралдарының көмегімен генерацияланса, дайын макет Canva онлайн-платформасында жобаланды. Нәтижесінде алынған материал жеңіл әзілге құрылған, қарапайым тілдегі түсінікті иллюстрациялар стилінде жасалды. Комиксті оқушылардың топтық жұмыс барысында талдауына арналған шағын кітапша түрінде қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелері және талқылаулар

«Электр тогы мен магнит өрісі» ұғымдарын қалыптастырудағы түсініктерді анықтау мақсатында барысында арнайы сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға әртүрлі деңгейдегі қатысушылар – мұғалімдер, студент-магистранттар және мектеп оқушылары, жалпы саны 30 қатысушы қатысты. Сауалнама «Google Forms» қосымшасының <https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSetpJpXDFbkURBnIT80KzIPLfEEy5g0x1iVH-QYZamiWXHfxQ/viewform?usp=header> көмегімен жүзеге асырылды. 1-кестеде жүргізілген сауалнама нәтижелерін жүйеленіп және оларды одан әрі талдау үшін алынған деректер жинақталған.


Кесте 1. «Электр тогы және магнит өрісі» ұғымы бойынша сауалнама нәтижелерінің жиынтығы



және мұғалімдер (23,3%) құрады. Бұл деректер зерттеуге қатысқандардың басым көпшілігі білім алушылар екенін көрсетеді.


қатысушылардың физикаға деген жоғары деңгейдегі оң көзқараста екенін және пәнді меңгеруге деген ынтасының зор екенін айғақтайды.

Физикадан сізге қай тақырып күрделірек болып көрінеді?  
30 жауап




Физика пәнін ұнатуына қарамастан, қатысушылар үшін күрделі болып көрінетін тақырыптар да анықталды. Респонденттер арасында ең қиын тақырып ретінде «Электр және магнетизм» бөлімі танылды, оны қатысушылардың 43,3%-ы (13 адам) таңдаған. Екінші орында күрделілігі жағынан «Оптика» және «Атомдық және кванттық физика» тақырыптары тұр – екеуін де респонденттердің 20%-ы (6 адамнан) таңдаған. Одан кейінгі орында 13,3% дауыспен (4 адам) «Ядролық физика» орналасты. Бір қызығы, қатысушылардың ешқайсысы (0%) «Молекулалық физиканы» күрделі деп санамаған, ал «Механика» бөлімін тек бір ғана респондент (3,3%) ең қиын тақырып ретінде белгілеген. Бұл деректер оқушылар мен студенттер үшін физиканың абстрактілі және математикалық есептеулері көп бөлімдері көбірек қиындық тудыратынын көрсетеді.

Магнит өрісін не тудырады?  
30 жауап




Бұл сұрақ арқылы респонденттердің магнит өрісінің пайда болу себебі туралы іргелі білімі тексерілді. Нәтижелер өте жақсы көрсеткішке ие болды: қатысушылардың басым көпшілігі, яғни 83,3%-ы (25 адам) «Қозғалатын зарядтар» деген дұрыс жауапты таңдады. Бұл респонденттердің магнит өрісінің табиғатын жоғары деңгейде түсінетінін көрсетеді. Дегенмен, 10%-ы «қозғалмайтын зарядтарды» таңдап, оны электр өрісімен шатастыратынын байқатты.

Электр тоғы өтуі үшін не қажет?  
30 жауап



Бұл сұрақ электр тогының пайда болуының толық шарттарын түсінуді талап етеді. Қатысушылардың 46,7%-ы (14 адам) «Барлық жоғарыда айтылғандар» (электр өрісі, қозғалыстағы заряд тасымалдаушылар, жабық тізбек) деген ең толық жауапты таңдап, тақырыпты терең түсінетінін көрсетті. Алайда, респонденттердің үштен бірі (33,3%) тек «қозғалыстағы заряд тасымалдаушылар» деген жауаппен шектеліп, толыққанды жауап бере алмады. Бұл олардың білімінде олқылықтар бар екенін көрсетеді.

Электр және магнит өрістері арасындағы айырмашылық неде?  
29 жауап



Респонденттер бұл сұраққа өте сәтті жауап берді. Қатысушылардың төрттен үш бөлігінен астамы, яғни 75,9%-ы (22 адам, 29 жауаптан) электр өрісінің кез келген зарядқа, ал магнит өрісінің тек қозғалыстағы зарядқа әсер ететінін дұрыс ажыратты. Бұл екі өрістің іргелі айырмашылығын жақсы меңгергенін көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, қатысушылардың магнит өрісінің пайда болуы, электр және магнит өрістерінің айырмашылығы сияқты іргелі ұғымдар бойынша білімі жоғары деңгейде. Алайда, электр тогының шартты бағыты, ток өтуінің толық шарттары және электромагнетизмдегі әртүрлі заңдарды (Ампер, Фарадей, Кулон) ажыратуда айтарлықтай қиындықтар мен шатасулар бар. Бұл мәселелерді шешуде визуалды құралдар, интерактивті симуляциялар және комикстер сияқты инновациялық әдістердің тиімділігі жоғары.

Ұсыныс. Әзірленген комикс пен оның болашақта жасалатын серияларын физика пәні мұғалімдеріне арналған қосымша әдістемелік құрал ретінде жинақтап, білім беру ұйымдарына таратуды қарастыру. Бұл мұғалімдерге күрделі тақырыптарды оңай әрі қызықты түрде түсіндіруге көмектесетін дайын ресурс болар еді. Сонымен қатар, сауалнама нәтижесінде анықталғандай, оқушылар үшін «Оптика», «Атомдық және кванттық физика» сияқты басқа да күрделі тараулар бар. Осы тақырыптар бойынша да оқушылардың ұғымдық шатасуларын азайту мақсатында осыған ұқсас комикс форматындағы визуалды материалдар сериясын әзірлеу ұсынылады.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу жұмысы физиканы оқытудағы өзекті мәселе — «Электр тогы мен магнит өрісі» ұғымдарын қалыптастыру барысында кездесетін ұғымдық шатасуларды анықтап, оларды шешудің тиімді әдістемелік тәсілдерін ұсынды. Осыған байланысты жасанды интеллект құралдары – Gemini, Copilot, Canva платформаларының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беру комикстері әзірленді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі. Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қаулы № 592. 24 шілде 2024 ж. «Әділет» – ҚР заңнамалық ақпараттық база. – Электрондық ресурс. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592#z10>

2. «Қазақстанда жасанды интеллект туралы заң жобасы қабылданды» // Moore Kazakhstan. 2025 ж. 26 қыркүйек. URL: <https://kazakhstan.moore-global.com/kz/news/september-2025/kazakhstan-adopts-draft-law-on-ai> (қол жеткізілген: 11.10.2025).

3. Хеккенберг, А., Леммер, М., Деккерс, П. Мұғалімдердің электр және магнит өрістері туралы ұғымдық шатасуларын талдау // *African Journal of Research in Mathematics, Science and Technology Education*. – 2015. – Т. 19, №1. – Б. 34–44. DOI: 10.1080/10288457.2015.1004833.

4. Гернандес, Э., Кампос, Э., Барниоль, П., Завала, Г. Студенттердің электр ағыны мен магниттік айналымды түсінуі және Гаусс пен Ампер заңдарындағы суперпозиция принципін рөлі // *Physical Review Physics Education Research*. – 2025. – Т. 21, №1. – Б. 1–19. DOI: [10.1103/PhysRevPhysEducRes.21.010120](https://doi.org/10.1103/PhysRevPhysEducRes.21.010120).

5. Амали Л. М. К., Нтобуо Н. Е., Улоли Р., Мохамад Й., Юнус М. (2023). Разработка магнитно-цифровых комиксов в преподавании естественных наук для улучшения результатов обучения учащихся начальных школ. Журнал «Пенилити

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ



### АЛҒЫ СӨЗ

#### Приветственное слово

**Наурызбаева Эльмира Кенжегалиевна** Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, Басқарма мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)

3

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР



#### ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<b>Жампеисова Корлан Кабыкеновна, Ішпекбаев Жанатбек Ешенқожаұлы, Увалиев Талгат Ошанович</b>	Болашақ мұғалімдерді кәсіби оқытуда интерактивті оқыту	9
<b>Eva Smetanová</b>	Beyond knowledge: competence-based learning for the 21 <sup>st</sup> century professional	19
<b>Мауленов Қалыбек Сапарұлы</b>	Цифрлық дәуірдің метақұзыреттері: жасанды интеллектті саналы қолдану арқылы оқыту және өзін-өзі білімдендіру	25
<b>Усольцев Александр Петрович</b>	Гуманитарный потенциал естественнонаучных дисциплин	30

## 1 СЕКЦИЯ

### БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ФИЗИКАЛЫҚ БІЛІМ



### ФИЗИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В УСЛОВИЯХ ТРАНСФОРМАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ

#### МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдирашидова Элмурадқызы, Нупирова Арайлым Маратовна</b>	<b>Дилнура</b>	Физика сабағында жоба әдістемесін жүзеге асыру	<b>35</b>
<b>Абишева Алина Муратовна, Серік Мария Мырзаханқызы, Бимагамбетова Купбергеновна</b>	<b>Баян</b>	ЖИ мүмкіндіктерін биология - физика пәндерін инклюзивті оқытуда тиімді қолдану	<b>42</b>
<b>Алдиярова Айгерим Сергазыевна</b>		STEM-білім беру тәсілі: іске асырудың артықшылықтары мен қиындықтары	<b>48</b>
<b>Алпеисова Карина Дулатовна, Телегина Оксана Станиславовна</b>		Давление в спорте – способ сделать физику увлекательной	<b>53</b>
<b>Ахмет Альфия Қайратқызы, Нупирова Арайлым Маратовна</b>		Оқушылардың қисынды ойлауын дамытудағы физикадағы физикалық есептердің рөлі	<b>58</b>
<b>Балацко Олеся Дмитриевна, Калакова Гульсим Кабдуллоевна</b>		Роль учебного эксперимента при изучении свойств жидкостей	<b>64</b>
<b>Бақытжан Гүлсезім Қайыржанқызы, Нупирова Арайлым Маратовна</b>		Физика сабақтарында саралап оқыту технологиясын қолдану	<b>71</b>
<b>Ейкель Алена Рафиковна</b>		Создание виртуальных лабораторных опытов с использованием технологий искусственного интеллекта	<b>76</b>
<b>Ельясов Казыбек Кайыржанович, Калакова Гульсим Кабдуллоевна</b>		Использование интернета в учебном процессе по физике	<b>84</b>
<b>Ерсултанова Зейнеп Сапарғалиевна, Ерсултанова Зауреш Сапарғалиевна</b>		Электрлік тізбектерді компьютерлік модельдеу	<b>90</b>
<b>Жақан Әміржан Қайыржанұлы</b>		Разработка STEM-симуляторов по физике с использованием инструментов ИИ	<b>96</b>
<b>Жусупова Алия Болатовна, Калаков Берген Абитович</b>		Физика пәнінде функционалдық сауаттылықты арттыру	<b>102</b>
<b>Касымская Анастасия Ивановна</b>		Программа курса по выбору «Физика вокруг нас: наука в действии» для обучающихся 8-9 классов общеобразовательных школ как средство формирования функциональной грамотности критического мышления учащихся	<b>108</b>

<b>Кузнецов Никита Алексеевич, Калакова Гульсим Кабдулловна</b>	Визуализация физических процессов: роль эксперимента и цифровых технологий	<b>113</b>
<b>Қалиева Жұлдыз Толеуханқызы, Нупирова Арайлым Маратовна</b>	Жаратылыстану пәндерімен кіріктіре оқытуда физиканың рөлі мен әдістемесі	<b>118</b>
<b>Құдайберген Ботакөз Баймұратқызы, Рыстыгулова Венера Ботабаевна, Телегенова Ақбота Берікбайқызы, Кужуханова Жадра Асаутаевна , Саттыкова Бану Ержанқызы</b>	Физикалық ұғымдарды қалыптастыруда жасанды интеллектке негізделген білім беру комикстерін қолданудың тиімділігі	<b>123</b>
<b>Мурзахметова Даяна Азаматовна, Калакова Гульсим Кабдулловна</b>	Формирование мыслительных и познавательных навыков при изучении физики в классах гуманитарного профиля	<b>131</b>
<b>Нупирова Арайлым Маратовна</b>	Төңкерілген сынып» технолоиясы физика сабағында тәуелсіздікті дамыту құралдарының бірі ретінде	<b>135</b>
<b>Оразалинова Дамелі Қаирбекқызы</b>	Физика пәннің сабақтарында жасанды интеллект, виртуалды зертханаларын пайдалану	<b>141</b>
<b>Пепке Влада Станиславовна, Телегина Оксана Станиславовна, Тастанов Мейрамбек Габдуалиевич</b>	Проблемно-исследовательский подход как средство формирования познавательской активности учащихся на уроках физики	<b>147</b>
<b>Репке Vlada Stanislavovna, Tastanov Meirambek Gabdualievich, Mongotov Kazbek Bergentaevich</b>	The influence of research activities on the formation of motivation for studying Physics	<b>155</b>
<b>Райн Полина Александровна, Калакова Гульсим Кабдулловна</b>	Средства, методы и формы обучения физики, ориентированного на формирование универсальных учебных действий	<b>162</b>
<b>Ребик Анастасия Викторовна, Телегина Оксана Станиславовна</b>	Современные подходы к организации лабораторных работ по физике в общеобразовательной школе	<b>167</b>
<b>Сапиева Дарина Мухтаровна, Нупирова Арайлым Маратовна</b>	Физика сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру жолдары	<b>173</b>
<b>Сармурзина Айнура Нурбековна, Калакова Гульсим Кабдулловна</b>	Автомобиль как объект изучения физических явлений в школе	<b>177</b>
<b>Сафронов Андрей Викторович , Майер Федор Федорович</b>	Интерактивные симуляции как средство актуализации учебного процесса на уроках физики	<b>186</b>
<b>Ховалкина Александра Алексеевна, Телегина Оксана Станиславовна</b>	Разработка методики внедрения систем искусственного интеллекта в процессе преподавания физики	<b>191</b>
<b>Шваб Михаил Иванович, Езехель Евгения Александровна</b>	Интеграция элементов нейрогимнастики и физической культуры в обучение физике в условиях инклюзивного образования	<b>198</b>

## Секция 2

### ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ МАТЕМАТИКА: ҚАЗІРГІ ЗАМАҢҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДЕН БОЛАШАҚТЫҢ БІЛІМІНЕ ДЕЙІН



### МАТЕМАТИКА В ЭПОХУ ИИ: ОТ СОВРЕМЕННЫХ ПРОБЛЕМ ДО ОБРАЗОВАНИЯ БУДУЩЕГО

#### МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абилова Кунель Аледдин-гызы, Готфрит Валерия Фридриховна</b>	Оценка эффективности визуальных методов обучения математическим концепция и глубины усвоения материала учащимися	<b>203</b>
<b>Аменова Айнура Бауржановна, Козова Жанар Косылбаевна, Пастушенко Марина Владимировна</b>	Интерактивные технологии на уроках математики как способ повышения мотивации учащихся	<b>208</b>
<b>Асканбаева Галия Баймухаметовна, Алимбаев Алибек Алпысбаевич, Еришева Асыл Аубакировна</b>	Планиметриялық есептерді шешуде координаталық әдістің қолданылуы	<b>213</b>
<b>Байгабулова Карина Еркиновна, Испулов Нурлыбек Айдарғалиевич</b>	Тасымалдау және конвекция-диффузия теңдеуін шешудің сандық әдістері: дәлдігін, тұрақтылығын және есептеу тиімділігін талдау	<b>218</b>
<b>Байканова Дана Куанышқызы, Темерханова Асемгуль Есмхановна, Есенгазина Жанар Иргебаевна</b>	Искусственный интеллект в обучении математике: возможности и риски	<b>225</b>
<b>Байшалганва Алина Сергеевна</b>	Как информационные технологии на уроке математики помогают преодолеть дискалькулию	<b>233</b>
<b>Болат Дамир Еркінұлы, Демисенова Женискуль Сейтжановна</b>	Зачем нужна производная	<b>238</b>
<b>Гриб Марина Викторовна, Рсалина Саржат Мухамбеткалиевна</b>	Взаимодействие учителя математики и логопеда в развитии математической речи у учащихся с ЗПР И ТНР	<b>244</b>
<b>Демисенова Женискуль Сейтжановна, Есмаганбетова Гильмира Абильтаевна</b>	6-сынып оқушыларын математикалық модельдеуге үйретуде STEM-жобалардың тиімділігі	<b>248</b>
<b>Ережел Нұржігіт Айдарұлы, Раисова Гульшат Тлеубаевна</b>	Математикадан сыныптан тыс сабақтарда цифрлық құралдарды қолдану арқылы 5–6-сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру	<b>252</b>
<b>Жумасаева Бибигуль Сагандыковна, Жумасаева Асель Сагандыковна</b>	Математика мен жи:қазіргі қиындықтар және жаңа мүмкіндіктер	<b>260</b>
<b>Кабиева Алтынгүл Марксовна</b>	Математика пәнін оқытуда жасанды интеллект мүмкіндіктері	<b>264</b>

<b>Калиева Молдир Буркитовна, Раисова Гульшат Тлеубаевна</b>	Математика сабағынан тыс іс-шараларда 5-сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы рөлдік және топтық жұмыстың мүмкіндіктері	<b>269</b>
<b>Кункабаева Аяжан Нурболовна</b>	Геометрия сабақтарында жобалау қызметі арқылы математикалық ойлауды дамыту	<b>273</b>
<b>Медведева Мария Михайловна</b>	Особенности организации урока математики для детей с нарушениями слуха в условиях инклюзивного образования	<b>280</b>
<b>Муратова Рушан Ринатовна</b>	Современные цифровые ресурсы и технологии для инклюзивного обучения математике	<b>286</b>
<b>Назарова Айгуль Айдеркановна</b>	Математика и искусственный интеллект: практические подходы к формированию функциональной грамотности студентов	<b>294</b>
<b>Раисова Гульшат Тлеубаевна, Дауренбекова Айгуль Талгатовна</b>	Возможности цифровых образовательных технологий для формирования готовности к конструктивному взаимодействию у будущих учителей математики	<b>300</b>
<b>Тапал Бектепбергенқызы, Гусева Марина Владимировна, Бисебаева Айжан Кайратовна</b>	Искусственный интеллект в математическом образовании: инструменты, кейсы, вызовы	<b>307</b>
<b>Тастанова Акбота Жумагалиевна, Абишева Нурсулу Биржановна</b>	Логикалық математикалық есептер негізінде оқушылардың аналитикалық және зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру	<b>313</b>
<b>Төремаханова Қалмұратқызы</b>	Математикада цифрлық және интеллектуалды технологияларды қолдану	<b>324</b>
<b>Тукенова Камар Аманкелдиевна, Алимбаев Алибек Алпыспаевич</b>	Проблемалық оқыту технологиясы негізінде оқушылардың ездігінен білім алу дағдыларын дамыту	<b>329</b>
<b>Туманова Канагат Мулдачевна</b>	Математика в эпоху ИИ: от современных проблем до образования будущего	<b>334</b>
<b>Фазылова Айгуль Абдулгалимовна</b>	Педагогические условия формирования у будущих учителей математики готовности к развитию математического мышления учащихся	<b>338</b>
<b>Хайруллина Жанна Салаутқызы, Қостөре Данагүл Болатжанқызы</b>	Жасанды интеллект дәуіріндегі инклюзивті математиканың бейнесі	<b>346</b>
